«БЕЙНЕУ АУЫЛЫ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «АППАРАТ АКИМА СЕЛА БЕЙНЕУ»

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
130100, Бейнеу ауданы, Бейнеу ауылы, Д.Тәжіұлы көшесі,
ғимарат 14В, телефон: 8(72932)2-12-65, 2-13-32

Республика Казахстан, Мангистауская область,
130100, Бейнеуский район, село Бейнеу, улица Д.Тажиулы,
здание 14В телефон: 8(72932)2-12-65, 2-13-32

26.05.2021 №
01-53-626

«ПромСтройМонтаж-XXI» ЖШС-нің директоры А.Шамшадиновқа

Сіздің, «ПромСтройМонтаж-XXI» ЖШС-нің 24.05.2021 жылғы №80 шығыс хатыңызда сұралған мәселелер бойынша **«ҚР Ұлттық экономика министрлігінің 2015 жылғы 28 ақпандағы №165 бұйрығының 9-тармағында** - Жаңа объектілерді және (немесе) қолданыстағы объектілерді өзгертуді (реконструкциялауды, кеңейтуді, жаңғыртуды, техникалық тұрғыдан қайта жарақтандыруды, қалпына келтіруді, күрделі жөндеуді) қоса алғанда, жобаланған **объектінің жауапкершілік деңгейін тапсырыс беруші айқындайды**», - деп көрсетілген **бұйрықтың негізінде** іс-қағаздарды қарап, тексеріп төмендегілерді анықтадық:

1. ***Бейнеу ауылы көшелерінің автомобиль жолдарының құрылысы (Кулбатыров, Торемурат, Махамбет, С.Акшабаев, А.Жубанов)*** – 08.12.2014 жылғы №15-0441/14 мемлекеттік сараптама қорытындысының **7-бөлімі. Сараптама нәтижесі, 7.1.-бөлімшесінде техникалық күрделілігі нақты жазылып көрсетіліп тұрғандықтан техникалық жағынан күрделілерге жататын жауапкершілігі II (қалыпты) деңгейдегі объектілерге жатады;**
2. ***Бейнеу ауылындағы Абилхайыр хан мен халықаралық дәрежедегі Бейнеу-Ақтау автожолының арасындағы автомобиль құрылысын салу жұмысы*** – 04.07.2017 жылғы №ЭЦКос-0075/17 мемлекеттік сараптаманың **7-бөлімі. Сараптама нәтижесі, 7.1.-бөлімшесінде техникалық күрделілігі нақты жазылып көрсетіліп тұрғандықтан техникалық жағынан**

<u>күрделілерге жататын жауапкершілігі II (қалыпты) деңгейдегі объектілерге жатады;</u>

Бейнеу ауылы көшелерінің автомобиль жолдарының құрылысы (Б.Майлин, Жайылган, К.Сатбаев, Абылхайыр хан), Бейнеу ауылы көшелерінің автомобиль жолының құрылысы (К.Сатбаев), Бейнеу ауылы көшелерінің автомобиль жолының құрылысы (Азан Балов), Бейнеу ауылы Есекмерген-2 көшесінің автомобиль жолының құрылысы жұмыстарының техникалық күрделілігі мемлекеттік сараптама қорытындысында жазып көрсетілмегендіктен, техникалық көрсеткіштері техникалық жағынан күрделілерге жататын жұмыстармен бірдей, ешқандай айырмашылық жоқ. Сондықтан осы аталған жұмыстардың барлығы **<u>техникалық жағынан күрделілерге жататын жауапкершілігі II (қалыпты) деңгейдегі объектілер болып табылады.</u>**

Бейнеу ауылының әкімі **Р.Тайшыбаев**